

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ
Басқарма отырысының №17 хаттамасынан көшірме

Қызылорда қ.

14.09. 2026ж.

Қатысқандар: 7. Басқарма мүшесі - 4, Шақырылғандар- 4.

7-сұрақ. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ-ның «Жылжымайтын мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алу/қосалқы жалға алу) беру ережесінің» 12-бөлімі «Белгіленген жағдайда объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) беру, 87-тармағының, 7-тармақшасына сәйкес, жалға алушының инвестициялық міндеттемелері бар жобалар (жөндеу/қайта құру/жабдықтар) бойынша №6 оқу ғимаратындағы буфетті жалға алушылардың өтінімдерін қарау және олардың арасынан жалға алушыны айқындау туралы (Экономика және қаржы департаментінің директоры Н.Ж.Уразбаев).

ТЫҢДАЛДЫ

Экономика және қаржы департамент директоры Н.Ж.Уразбаев: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ-ның «Жылжымайтын мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алу/қосалқы жалға алу) беру ережесінің» 12-бөлімі «Белгіленген жағдайда объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) беру, 87-тармағының, 7-тармақшасына сәйкес, жалға алушының инвестициялық міндеттемелері бар жобалар (жөндеу/қайта құру/жабдықтар) бойынша №6 оқу ғимаратындағы буфетті жалға алушылардың өтінімдерін қарау және олардың арасынан жалға алушыны айқындауды ұсынды.

Н.Ж.Уразбаев: Өтінімдер салынған конверттерді соңғы мерзім аяқталғанға дейін келесі әлеуетті қатысушылар ұсынды:

№6 оқу ғимаратында орналасқан буфет бойынша:

- 1) «Наурыз» ЖК
- 2) «Азирбеков» ЖК
- 3) «Алимкулов» ЖК

Ұсынылған құжаттарды зерттеу нәтижесінде «Наурыз» ЖК, «Алимкулов» ЖК өтінімдері аталған талаптарға толық сәйкес келетіні анықталды.

«Азирбеков» ЖК өтінімінде бекітілген жоба/ техникалық тапсырма жоқ екені анықталды.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ-ның «Жылжымайтын мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алу/қосалқы жалға алу) беру ережесінің» 12-бөлімі 91-тармағына сәйкес инвестициялық міндеттемелері бар жобалар бойынша өтінімдердің құрамында міндетті түрде бекітілген жоба/техникалық тапсырма болуы тиіс екенін атап өтті.

«Наурыз» ЖК тарапынан ұсынылған инвестиция көлемі – 8 829 480 теңге, «Алимкулов» ЖК тарапынан ұсынылған инвестиция көлемі – 6 000 000 теңгені құрайды.

Ереженің 12-бөлімі 90-тармағына сәйкес мәселе бойынша Басқарма отырысының қарауына келесі шешім нұсқалары ұсынылады:

1. Рұқсат беру;
2. Бас тарту;

3. Жалпы (тендерлік) рәсімді қолдану деп көрсетілген.

Сонымен қатар, баяндамашы өтінім білдірген барлық заңды және жеке тұлғалардың (ЖШС, ЖК) құрылтайшылары мен басшыларының университет басшылығымен және жауапты тұлғаларымен **мүдделер қақтығысы мен туыстық қатынастарының жоқтығы** алдын ала толық тексеріліп, тиісті құжаттармен расталғанын хабарлады.

№6 оқу ғимаратында орналасқан буфет бойынша «Наурыз» ЖК тарапынан ережеге сәйкес ұсынылуы тиіс құжаттардың толық тапсырылғандықтан және инвестиция көлемі жоғары болуына байланысты **рұқсат беруді** ұсынамыз.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Дауыс беру қорытындылары:

«Жақтап» – 4 дауыс

«Қарсы» – дауыстар жоқ

«Қалыс қалды» (айрықша пікір) – дауыстар жоқ

Шешім қабылданды: 4 дауыспен.

Мәселені қарау қорытындылары бойынша «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ Басқармасы **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қатысушылар «Наурыз» ЖК, «Алимулов» ЖК тарапынан ережеге сәйкес ұсынылуы тиіс құжаттардың толық тапсырылуына байланысты инвестициялық міндеттемелері бар жобалар бойынша №6 оқу ғимараты бойынша буфетті жалға беруге рұқсат етілсін.

2. «Азирбеков» ЖК өтінімі қаралған кезде бекітілген жоба мен техникалық тапсырмасы ұсынылмағандықтан **Ереже талаптарына сәйкес келмеуіне сәйкес одан әрі қарауға жіберілмесін.**

3. Ереженің 90-тармағына сәйкес өтінімдерді сараптай келе, келесі тұлға жалға алушы (жеңімпаз) болып айқындалсын: №6 оқу ғимаратындағы буфет бойынша: «Наурыз» ЖК, инвестиция көлемі – 8 829 480 (сегіз миллион сегіз жүз жиырма тоғыз мың төрт жүз сексен) теңге, жалға алу мерзімі 5 жыл (14.09.2026 ж. - 31.08.2031 ж);

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Экономика және қаржы департаментінің директоры Н.Ж.Уразбаевқа жүктелсін.

Басқарма Төрағасы-Ректор

Н.С.Байқадамов

Басқарма хатшысы

Л.Ә.Жүсіпова

